"SAWIR-DANEK" ЖОБАСЫ БОЙЫНША ДЕМЕУШІЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ЕСЕП

Білім беру бағдарламасы: Балаларға арналған ағылшын тілі курстары
Есептік кезең: 2026 жылғы наурыз – мамыр | Жасалған күні: 2026 жылғы маусым

1. Бағдарлама туралы жалпы ақпарат

2025 жылдың желтоқсанынан бастап «Danek» қоғамдық қоры қамқоршы студенттердің «Sawir» білім беру орталығындағы ағылшын тілі курстарына оқу ақысын төлеп келеді. Оқу «Family and Friends 1» оқулығы негізінде, «Beginner» деңгейінде жүргізілуде.

Есептік кезеңде (2026 жылғы наурыз – мамыр) бағдарламаға бастапқыда бес студент қатысты. Сәуір-мамыр айларында олардың екеуі — S04 және S05 — отбасының бастамасымен оқуын тоқтатты (толығырақ 5-бөлімде). Кезең соңында үш студент — S01, S02, S03 — оқуын жалғастыруда.

Жеке деректерді қорғау туралы ҚР заңнамасына сәйкес студенттердің аттары кодтармен алмастырылған. Барлық сабақтар онлайн форматта өтеді. 1-топ — S01, S02; 2-топ — бастапқыда S03, S04, S05, мамырдан бастап тек S03.

Оқытушылар	Нурлубаева Асем
Оқу бағдарламасы	Prodject1
Оқу кезеңі	2026 жылғы наурыз – мамыр (3 ай)
Кезеңдегі курс көлемі	104 академиялық сағат
Кезең басындағы қор студенттері	5 студент (кодтары: S01, S02, S03, S04, S05)
Кезең соңында оқуын жалғастырған студенттер	3 студент (S01, S02, S03)

2. Сабаққа қатысу

Қатысу ай сайын тіркеліп отырды. Наурыз бен сәуірде бес студент те сабаққа қатысты, айдағы мерекелер мен көктемгі оқу демалысын ескерген жөн. Мамырда S04 мен S05 студенттерінің қатысу көрсеткіші 0% — бұл сабақтан қалу емес, олардың оқуын тоқтатуымен байланысты (отбасылардың шешімі, толығырақ 5-бөлімде).

2026 жылғы наурыз

Студент	Сабақ саны	Қатысты	%
S01	12	6	50%
S02	12	9	75%
S03	12	6	50%
S04	12	5	42%
S05	12	4	33%

2026 жылғы сәуір

Студент	Сабақ саны	Қатысты	%
S01	12	10	83%
S02	12	12	100%
S03	12	9	75%
S04	12	9	75%
S05	12	3	25%

2026 жылғы мамыр

Студент	Сабақ саны	Қатысты	%
S01	12	10	83%
S02	12	12	100%
S03	12	9	75%
S04	12	0	0%*
S05	12	0	0%*

** S04 және S05 студенттерінің мамырдағы нөлдік көрсеткіші олардың курсты тоқтатуымен байланысты, сабақтан қалу емес.*

Кезең бойынша жалпы (наурыз – мамыр):

Студент	Кезең бойынша жалпы	Жалпы %
S01	26/36	72%
S02	33/36	92%
S03	24/36	67%
S04	14/36	39%
S05	7/36	19%

S01 мен S02 студенттері тұрақты жоғары қатысуды сақтады (сәйкесінше 72% және 92%), мамырға қарай сенімді өсім байқалды. S03 оң серпін көрсетті — наурыздағы 50%-дан сәуір-мамырда 75%-ға дейін өсті, кезең бойынша көрсеткіш 67% болды. S04 мен S05 тұрақсыз қатысу көрсетті, бұл олардың отбасыларының оқуды тоқтату шешіміне әсер еткен факторлардың бірі болды.

3. Студенттердің үлгерімі

Бағалау екі рет жүргізілді: кезең басында (алдыңғы есептік кезеңнің қорытынды баллдарына сәйкес, 2026 жылғы наурыз) және кезең соңында (2026 жылғы мамыр). Нәтижелер бес дағдыны қамтиды: оқу, тыңдау, жазу, сөйлеу және сөздік қор. Әрбір дағды бойынша ең жоғары балл — 100.

Студент	Кезең	Оқу	Тыңдау	Жазу	Сөйлеу	Сөздік	Жалпы	Деңгей
S01	Басы (Наурыз 2026)	60	60	70	70	80	68	Жақсы
	Соңы (Мамыр 2026)	70	70	80	80	90	78	Жақсы
	Өсім	+10	+10	+10	+10	+10	+10	
S02	Басы (Наурыз 2026)	50	60	70	70	80	66	Орташа
	Соңы (Мамыр 2026)	60	70	70	70	80	70	Орташа
	Өсім	+10	+10	0	0	0	+4	
S03	Басы (Наурыз 2026)	40	40	40	40	40	40	Базалық
	Соңы (Мамыр 2026)	50	50	50	50	50	50	Базалық
	Өсім	+10	+10	+10	+10	+10	+10	
S04	Басы (Наурыз 2026)	70	60	60	50	50	58	Базалық
	Соңы* (Мамыр 2026)	20	20	20	20	20	20	Қолдау керек
	Өсім	-50	-40	-40	-30	-30	-38	
S05	Басы (Наурыз 2026)	70	60	60	50	50	58	Базалық
	Соңы* (Мамыр 2026)	50	50	50	50	50	50	Базалық
	Өсім	-20	-10	-10	0	0	-8	

** S04 және S05 студенттерінің қорытынды баллдары оқуды тоқтату сәтінде (сәуір-мамыр) тіркелген және бағдарламадан шығар алдындағы қатысудың төмендеуін көрсетеді.*

4. Оқытушылардың студенттер бойынша пікірлері

S01 студенті

Тұрақты оң серпін байқалуда: қорытынды балл 68-ден 78-ге өсті (+10).

Пікір: Ағылшын тіліне қызығушылығы жоғары, сабақтарда белсенді, тақырыптарды жақсы түсінеді. Басты ұсыныс — сабақтан қалмау.

S02 студенті
Тұрақты өсім: +4 балл (66-дан 70-ке дейін).
Пікір: Жақсы серпін көрсетуде, сабақтарда белсенді, сұрақтарға жауап береді, өткен тақырыптарды жақсы есте сақтайды.

S03 студенті
Оң серпін: +10 балл (40-тан 50-ге дейін), қатысу 67%-ға жетті.
Пікір: Тіл үйренуге ниеті жақсы. Сабақ жиірек қатысып, өткізіп алмауын сұраймыз — белсенділігін арттырса, мықты оқушы бола алады.

S04 студенті
2026 жылғы мамырдан бастап оқуы тоқтатылды. Тоқтату сәтіндегі қорытынды баллы — 20 (қатысудың төмендеуіне байланысты 38 баллға кему).
Пікір: Қабілетті, жаңа тақырыптарды тез меңгеретін, тілге қызығушылығы бар студент. Сәуірден бастап қатысуы төмендеді, ал мамырдан бастап отбасы баланың спорт секциясындағы жүктемесіне байланысты оқуды тоқтату туралы шешім қабылдады.

S05 студенті
2026 жылғы мамырдан бастап оқуы тоқтатылды. Тоқтату сәтіндегі қорытынды баллы — 50 (8 баллға кему).
Пікір: Көбірек ден қойса жоғары нәтижеге қол жеткізе алатын еді, бірақ спортты таңдап, сабақтан жиі қалды. Мамырдан бастап отбасының өз бастамасымен оқу тоқтатылды.

5. Ата-аналармен жұмыс

Қор менеджерлері студенттердің ата-аналарымен тұрақты байланыста, нәтижелерді бөлісіп, кері байланыс алуда. S01, S02 және S03 студенттерінің ата-аналары балаларының сабаққа қызығушылығы мен жетістіктерін атап өтті — бұл біз үшін жақсы баға.

Атап өткіміз келеді, сәуір-мамыр айларында S04 және S05 студенттерінің ата-анасы (екеуі бір отбасыдан) балаларының ағылшын тілі курстарындағы оқуын тоқтату туралы шешім қабылдады. Себебі — балалардың спорт секциясындағы жүктемесінің жоғары болуы, соның салдарынан екі бағытты қатар алып жүру қиынға соққан. Біз отбасылардың бұл шешімін құрметтейміз және балалары үшін басымдықты анықтау — олардың құқығы деп есептейміз.

Сонымен қатар, бұл тәжірибе қор үшін маңызды сабақ болды. Осындай сабақтан қалу жағдайларының алдын алу үшін біз қордың басқа отбасыларымен тіл үйренудің маңыздылығы мен болашақта берер артықшылықтары туралы қосымша әңгімелер өткіздік.

6. Қорытынды және ұсыныстар
Бағдарлама оқуын жалғастырушы студенттер үшін оң серпін көрсетуде. S01 мен S02 ең жақсы нәтижелерге жетті, S03 — қатысу мен үлгерімде сенімді өсім көрсетті. S04 мен S05 студенттерінің кетуі оқыту сапасына байланысты емес, спортпен айналысуына басымдық беріп, курстан бас тартуға байланысты жеке таңдауы.

- Үш студенттің (S01, S02, S03) келесі кезеңдегі оқуын қаржыландыруды жалғастыру — жалпы үрдіс позитивті.
- S03 үшін — қатысуды тұрақтандыру бойынша жұмысты жалғастыру.
- Деңгей аяқталғаннан кейін Sawir орталығынан өздерінің әдістемесі бойынша қорытынды тестілеу нәтижелерін сұрату.
- 2026 жылғы маусымнан бастап қор бағдарламасына жаңа студент қосылды, ол жеке (индивидуалды) форматта оқиды. Оның 2026 жылғы маусым – тамыз аралығындағы үлгерімі мен қатысуы туралы есеп 2026 жылғы қыркүйекте қалған студенттер бойынша кезекті есеппен бірге ұсынылады.
- Келесі есептік кезең: 2026 жылғы маусым – тамыз.

7. Қаржыландыру

Есептік кезең аяқталғаннан кейін қор 104 академиялық сағаттық оқу үшін жалпы сомасы 65 000 теңге көлемінде төлем жасады. Бұл баға жеңілдік бойынша бекітілген және «Sawir» білім беру орталығы (ЖК Sawir) мен «Danek» қоры («Danek Foundation» қоғамдық қоры) арасындағы ынтымақтастық меморандумы шеңберінде, тек қор үшін ғана қолданылады. Төлем Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылды.

Проведено электронно

Платежное поручение № 31
29 мая 2026 г.

Фактический плательщик: ИИН (БИН):			**65 000**
Отправитель денег: ОФ "Danek foundation" ИИН(БИН): [redacted]	ИИК [redacted]	Код 18	
	Страна резиденства		
Банк отправителя: АО "Kaspi Bank"	БИК	CASPKZKA	
Бенефициар: ИП "SAWIR" ИИН (БИН): [redacted]	ИИК [redacted]	Кбе 19	
	Страна резиденства		
Фактический бенефициар: ИИН (БИН):			
Банк бенефициара: АО "KASPI BANK"	БИК	CASPKZKA	
Сумма прописью: Шестьдесят пять тысяч тенге 00 тиын			
Дата получения товара (оказания услуг): 29 мая 2026 г.		Код назначения платежа	**112**
За образование. Счет на оплату #08 от 26.05.2026 "Услуга по проведению группового занятия по английскому языку" (104 часов).		Код бюджетной классификации	
		Дата валютирования	29 мая 2026 г.

Руководитель: [redacted]
Главный бухгалтер: Не предусмотрен

Проведено банком
29 мая 2026 г.

Ескерту: кейбір деректемелер (ИИК нөмірлері, жеке тұлғалардың БИН/ИИН) жеке деректерді қорғау туралы ҚР заңнамасына сәйкес жасырылған. Сұраныс бойынша түпнұсқасын бере аламыз.

8. Алғыс сөз

Қор балаларға деген ықыласы мен берген мүмкіндіктері үшін Sawir орталығына шын жүректен алғыс білдіреді. Мұндай серіктестік балаларымыздың дамуы мен қолдауында маңызды рөл атқарады.

Сондай-ақ, бұл жұмысымыздың өркендеуі үшін қаржылай қолдау көрсетіп жүрген демеушілерімізге көп рахмет. Дәл сіздердің қолдауларыңыз арқасында балаларға сапалы білім мен дамуға жол ашылып жатыр.

Біз оқу сапарымызды жалғастырамыз! Сіздердің қолдауларыңыздың арқасында аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар қосымша білім алып жатыр. Бізге демеу беріп жүргендеріңіз үшін көп рақмет — осылай қарқынмен жалғастыра беріңіздер!

Есепті дайындаған: "Danek Foundation" қоғамдық қоры | 2026 жылғы маусым
Құпия ақпарат – жеке деректерді қорғау туралы ҚР заңнамасына сәйкес студенттердің аттарын кодтармен алмастырдық.